

Қаржы нарығы сарапшыларының сауалнамасы

КАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
КАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

тамыз 2026

Резюме

- ✓ Ұлттық банк валюта операциялары шеңберінде шетел валютасын сатудың ұлғаюы, ҚМС субъектілері мен экспорттаушылардың валюталық түсімді конвертациялауы, сондай-ақ ірі отандық компаниялардың тоқсандық салық кезеңіне дайындығы аясында сарапшылардың ұлттық валюта бағамына қатысты болжамдары жақсара түсті.
- ✓ Қыркүйек айының басына қарай USDKZT жұбы бойынша бағам 480,2 Т/\$ деңгейінде, ал бір жылдан кейін 512,2 Т/\$ деңгейінде болады деп болжануда. Алдыңғы болжам раундында бұл көрсеткіштер тиісінше 483,3 Т/\$ және 520,4 Т/\$ деңгейінде болған.
- ✓ Бағамға қатысты күтулердің жақсаруы инфляциялық тәуекелдер бағалауының төмендеуімен қатар жүріп жатыр. Ағымдағы баға өсімінің баяулауы әсерінен 12 айлық мерзімдегі инфляция болжамы бір ай бұрынғы 10,4%-дан 10,1%-ға дейін төмендеді: шілде айында айлық инфляция 0,8%-дан 0,6%-ға дейін, ал жылдық инфляция 10,3%-дан 10,2%-ға дейін төмендеді.
- ✓ Теңгенің нығаюы мен жиынтық сұраныстың баяулау белгілері қосымша тежеуші әсер етеді.
- ✓ Ағымдағы инфляциялық қысымның әлсіреуі мен жиынтық сұраныстың бәсеңдеуі ақша-несие саясатын байқап жұмсартуға мүмкіндік береді.
- ✓ ҚРҰБ-ның 4 қыркүйекте өтетін алдағы отырысында респонденттердің 60%-ы базалық мөлшерлеменің 16,50%-ға дейін төмендеуін күтеді, 28%-ы оның 16,75% деңгейінде сақталатынын болжайды, ал 12%-ы өсуі мүмкін деп жорамалдайды.

- ✓ Еске сала кетейік, қыркүйек айындағы базалық мөлшерлеме бойынша шешім жыл соңына дейінгі ақша-несие саясатының әрі қарайғы траекториясын айқындайтын жаңартылған макроэкономикалық болжамдардың жариялануымен бірге жүреді.
- ✓ 12 айлық мерзімде базалық мөлшерлеме ағымдағы 16,75%-дан қарсы 14,75% деңгейіне түсуі күтіледі. Бұл инфляциялық қысымның баяулауына қарай ақша-несие саясатын одан әрі біртіндеп жұмсарту түсуді білдіреді.
- ✓ Сонымен қатар, сақталып отырған проинфляциялық тәуекелдер мөлшерлеменің төмендеу жылдамдығын шектейтін болады. Нәтижесінде, нақты мөлшерлеме ағымдағы 6,55%-ға қарсы 4,65% деңгейін құруы мүмкін.
- ✓ Қаржылық жағдайлардың біртіндеп жұмсартуы, ірі инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы, мұнай өндіру мен экспорттық жеткізілімдердің тұрақтануы, көлік-логистикалық белсенділіктің кеңеюі, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде жаңа қуаттардың іске қосылуы іскерлік және инвестициялық белсенділікті қолдауы мүмкін. Осыған байланысты, алдағы 12 айға арналған ЖІӨ өсімінің болжамы бұрынғы 4,6%-дан 4,7%-ға дейін жақсартылды.
- ✓ Бір жылдан кейінгі Brent бағасының болжамы барреліне 77,3 долларды құрайды. Бұл ағымдағы деңгейден (84 доллар) және бұрынғы бағалаудан (80 доллар) төмен. Болжамның төмендеуі Таяу Шығыстағы қақтығыстың біртіндеп реттелетініне деген үміттермен байланысты, ал Омуз бұғазы арқылы жеткізілімдердің үзілу қаупінің сақталуы баға белгілеулерінің әрі қарай төмендеу мүмкіндігін шектейді.

Қысқа мерзімді күту (1 ай)

USDKZT

480,2
Т/\$

қыркүйек
айының басына USDKZT
жұбының орташа курсы

БАЗАЛЫҚ
МӨЛШЕРЛЕМЕ

16,50%

респонденттердің 60%-ы
4 қыркүйек отырысында базалық
мөлшерлеменің түсуін күтеді

Орта мерзімді күту (12 ай)

BRENT

77,3
\$/bbls

БАЗАЛЫҚ
МӨЛШЕРЛЕМЕ

14,75%

USDKZT

512,2
Т/\$

ИНФЛЯЦИЯ

10,1%


ЖІӨ

4,7%


НАҚТЫ
МӨЛШЕРЛЕМЕ

4,65%

USDKZT курсының динамикасы (2026 — болжам 2027)



Инфляция динамикасы (2026 — болжам 2027)



ҚҚҚ тамыз айында болжамды раундқа қатысқан барлық респонденттерге алғыс білдіреді.



ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

Бұл нәтижелер инвестициялық ұсыныс болып табылмайды және тәуелсіз сарапшылардың пікірлерін көрсетеді, сондай-ақ ұсынылған ұйымдардың ресми пікірі болып табылмайды. ҚҚҚ, сондай-ақ осы зерттеуге қатысушылар осы шолуда ұсынылған болжамдар үшін уақыттың нақты бір сәтінде сараптамалық пайымдаулардан аспайтын қандай да бір жауапкершілік көтермейді.

Қаржы және тауар нарықтарындағы бағаның өзгеруі табиғаты мен әсері бойынша әлемде болып жатқан көптеген оқиғалардың салдары болып табылады. Болжау өзектілігін бірден жоғалтуы мүмкін бірқатар болжамдарды қамтиды. Жоғарыда айтылғандарға байланысты ҚҚҚ көпшілік алдында айтылған кез келген болжамдарға тиісті сақтықпен қарауды ұсынады.

© Қазақстан
қаржыгерлерінің
қауымдастығы, 2026